

**ЖШС «Малика» мектепке дейінгі шағын орталығының меңгеруші
жанындағы кеңесі отырысының хаттамасы №1**

15.09.2022 жыл

Шымкент қаласы

Төрайымы - К.Джаксибаева
Хатшысы - Д.Турлыбек
Қатысқандар – 11

Күн тәртібі

- 1.Тексеру нәтижелері туралы күнтізбелік жоспарлар:
-қағидатын сақтауды кешенді-тақырыптық жоспарлау; /ағымдағы бақылау/
- 2.Топтық құжаттама ресімдеу /ағымдағы бақылау/

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша орталық меңгерушісі К.Джаксибаева ұйымдастырылған оқу қызметін өткізуге қойылатын талаптарға тоқталып өтті. Ұйымдастырылған оқу қызметін жоспарлауда төмендегі ұстанымдарды сақтау керектігі ескертілді:

- Үлгілік оқу жоспарына сәйкес оқу жүктемесін сақтау (ұйымдастырылған оқу қызметінің саны мен ұзақтығы Үлгілік оқу жоспарына сәйкес жүргізіледі.
 - білім беру процесінің балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкестілігі (анағұрлым ақыл-ойға салмақ түсіруді талап ететін ұйымдастырылған оқу қызметтерін аптаның ортасында белсенді қимыл әрекеті бар ұйымдастырылған оқу қызметімен алмастырып жоспарлау);
 - күн тәртібі сәттерін өткізу кезінде санитарлық-гигиеналық, дидактикалық талаптарды ескеру;
 - өңірлік және климаттық ерекшеліктерді ескеру (серуендерді, шынықтыру мен сауықтыру іс-шараларын, ертеңгіліктерді және т.б. өткізу кезінде);
 - балалардың жеке ерекшеліктерін ескеру;
 - тәрбиелік, оқыту, дамыту міндеттерінің өзара байланысы, оларды ұйымдастырылған оқу қызметтері және басқа да әрекет түрлерінде іске асыру;
 - балалардың эмоционалдық жеңілденуі бойынша жұмыс түрлерін өткізу (психогимнастика, релаксация, түс терапиясы, музыка және т.б.);
 - ұйымдастырылған оқу қызметтерінің кіріктірілген түрлерін жоспарлауда барлық педагогтердің өзара ықпалдастығына тоқталды.
- Білім беру процесі перспективалық жоспарға, циклограммаға сәйкес жүзеге асырылады. Балалардың дамуын қадағалау үшін түрлі жас кезеңдерінде мониторинг жүргізіледі.

Табысты жоспарлау шарттары:

- жоспарлаудың мақсаттары мен міндеттерін айқындау;
- Үлгілік бағдарламаның мазмұнын білу;
- қойылған мақсаттарға қол жеткізуге ықпал ететін тиімді құралдарды, әдістерді таңдау;
- жоспарланған кезеңнің соңында қол жеткізілуі тиіс жұмыстың нәтижелерін нақты ұсыну;
- жоспарлау кезінде педагогтердің өз жұмысының деңгейін әділ бағалауы болып табылады.

Перспективалық жоспар өтпелі тақырыптарға сәйкес бір жылға құрылады. Педагог өтпелі тақырыптарды таңдауда өңірлік ерекшеліктерге, балалардың

жастарына, мектепке дейінгі ұйымның тақырыптық бағытына, халықаралық және республикалық маңызы бар мереке күндеріне бағдар жасай отырып, шығармашылық құзыреттілігін танытуы тиіс екендігін айтты.

2022-2023 оқу жылының күнтізбелік жоспарларын тексеру нәтижесіне тоқталып өтті. Күнтізбелік жоспарлар топтар бойынша балалардың жас ерекшеліктеріне сай дұрыс құрылған. Барлық жоспарлар бекітілген, жоспар бойынша қосымша қолданылатын материалдар толықтырылғандығын атап көрсетті.

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша орталық әдіскері топ құжаттамаларын толықтыру қажеттігіне тоқтала келе, балалардың құжаттары талапқа сай және топтық құжаттамалар номенклатураға сәйкес болуы керектігін қатаң ескертті.

Сөз сөйлегендер:

1. Тәрбиеші А.Ахмадияр бойынша топ балаларының құжаттарын толықтыру жұмысы жүргізілуде, ал топтық құжаттама бойынша барлық қойылған талаптар сақталған, номенклатура бойынша жасалынған.

2. Тәрбиеші Г.Сапарова меңгерушінің атап көрсеткеніндей ұйымдастырылған оқу қызметін өткізуге қойылатын талаптар толығымен орындалған, барлық бағыттар бойынша кіріктіру сабақтары мен қолданылатын материалдар түгелімен бар.

Қаулы етті:

1. Күнтізбелік жоспарларды тексеру, кешенді-тақырыптық жоспарлау нәтижелері бойынша барлық қағидаттар сақталған.

2. Топтық құжаттама ресімдеу толықтыруды қажет етеді.

Төрайымы

Хатшысы



К.Джаксибаева

Д.Турлыбек